

ӘОЖ 94(4/9)

Д.Б. Дәуен

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
шығыстану факультетінің «6D020900-Шығыстану» мамандығы бойынша Ph.D докторанты
E-mail: dinara.dauyen@kaznu.kz

Қытай коммунистік партиясы тарихына шолу және болашағына болжам

Мақалада Қытайдың билеуші партиясы коммунистік партияның өткен тарихына қысқаша шолу жасалып, алдағы келешегіне қатысты болжамдар келтірілген. Партияның басшылығымен ел тарихында орын алған оң және теріс нәтиже берген оқиғалар қарастырылған.

Түйін сөздер: Қытай коммунистік партиясы, билеуші партия, модернизация, реформалар, қытайлық үлгі.

D.B. Dauyen

Overview of the history and future projections of the Communist Party of China

The article gives an overview of the history of the ruling Communist Party of China, the forecasts for the future of the Party. Examines events in the country, which gave positive and negative results under the guidance of the Communist Party of China.

Key words: Communist Party of China, Ruling Party, modernization, reforms, Chinese model.

Д.Б. Дауен

Обзор истории и прогнозы на будущее Коммунистической партии Китая

В статье приведен краткий обзор истории правящей Коммунистической партии Китая, даны прогнозы на будущее партии. Рассмотрены события в стране, давшие положительные и отрицательные результаты под руководством Коммунистической партии Китая.

Ключевые слова: Коммунистическая партия Китая, правящая партия, модернизация, реформы, китайская модель.

Қытай коммунистік партиясы ұзақ мерзімді тарихы және басқару тәжірибесі мол партия екені белгілі. Бүгінде ҚКП-ның құрылғанына 90 жылдан астам уақыт өтті. Бір ғасырға жуық уақыт ішінде партия түрлі кезеңді өткерді. Тарихқа үңілсек, кез келген саяси күштің тағдыры оның өзі басқарып отырған елдегі алатын рөліне, халықтан алатын қолдауына тәуелді. Сондықтан ҚКП-ның осы уақытқа дейін ел өмірінде болуының өзі партияның халық алдындағы атқарған қызметінің табысты нәтижесі деп айтуға болады.

Қытай коммунистік партиясына осы уақытқа дейін шетелдік және қытайлық зерттеуші, ғалымдар көптеген еңбектерін арнады. Олардың ішінде Чжэн Юн Нян, Кьельд Эрик Бродсгард, Ю-чжун Вонг, Сьюзан Ширк, Эзра Фоугель, Джеймс Сюн, Барри Нотон және т.б.

авторлардың еңбектерін атап өтуге болады. Әр автор мәселені түрлі қырынан және мүдделер тұрғысынан қарастырды. Егер қытайлық мамандардың мақсаты коммунистік партияның қандай да бір кемшіліктерін тауып, оның алдын алуға, жоюға бағытталса, шетелдік авторлардың көбісі мәселеге объективті тұрғыда қарап немесе коммунистік партияның іс-әрекетінен өз елдері үшін пайдалы, тиімді тәжірибе іздеуге тырысады.

Жалпы, К. Маркс, Ф. Энгельс еңбектерінен бастау алған коммунистік идеяға бет бұру Қытайдың ұзақ жылдар бойы ел мен қоғамды модернизациялау, дамыту жолдарын іздеу барысында тапқан нәтижесі еді. Әрине, бұл кезеңге дейін қытай халқы басынан түрлі жағдайды өткерді. Көптеген қытай ғалымдарының атап көрсетуінше, қытайлықтардың этникалық дамуы

үш жүз мың жылды құрап, қытай өркениетінің дамуы он мың жылды құраса, бәрімізге белгілі қытай тарихы бес мың жылдық кезеңді қамтиды. Мұнымен бізге Қытайдың тамырын тереңге жайған көне өркениет ордасы екенін баса айтқысы келгендей. Осындай елдің тарихында да қытайлықтар үшін қара жазумен жазылған кезеңдер аз емес. Қанша ғасыр бойы жан-жағын өзіне бағындырып келген Қытайда Юань династиясының тұсынан бастап өзге ұлт өкілдерінің билігі орнады, алдымен, моңғолдар, одан кейін маньчжурлар үстемдік етті. Шетелдіктердің экспансиясы, «апын соғыстары», Қытайдың Батыс елдерінің жартылай отар еліне айналуы, міне, осының бәрі ұлт жанашырларының тығырықтан шығар жол іздеуіне түрткі болды. Бұл жолда түрлі амалдар жүзеге асырылды, түрлі реформаторлық, революционерлік қозғалыстар жүргізілді. Бұл бағдарламалардың сипаты, жүзеге асыру жолдары әртүрлі болғандықтан да нәтижесі Қытайдың даму бағытын түрлі арнаға бұрды.

Негізінен, Қытайда Кеңестік үлгідегі коммунистік партияның құрылуына, жалпы коммунистік идеялардың таралуына 1919 жылдың мамыр айында орын алған «4 мамыр» қозғалысы тікелей түрткі болды деуге болады. Осыған дейінгі ел тарихында орын алған әділетсіздіктер мен өзге ұлт өкілдерінің үстемдігіне Бірінші, дүниежүзілік соғыс барысындағы және одан кейінгі Қытайды қол қоюға мәжбүрлеген бірнеше келісімдер қосылды. Бұған елдегі түрлі әлеуметтік топ өкілдері жаппай наразылық көрсетті, алғашқы болып Қытайдың Версаль келісіміне қол қоюына қарсылық білдірген пекиндік студенттер еді. Мұнда жұмысшы топтың да үлкен белсенділігі көрінді. Бұл қозғалыстар Қытайдың идеялық-саяси дамуындағы бұрылысты кезең болды, ұлтты азат ету, елді дамыту жолдары күн тәртібіндегі негізгі, өзекті мәселелер ретінде алға шықты. Осы сәттерден бастап Қытайда марксизм-ленинизм идеялары жұмысшы топ арасына ене бастады. Осылайша, 1920 жылы шілде айында Шанхайда алғашқы коммунистік (марксистік) үйірме құрылды, мұндай үйірме қазан айында Пекинде құрылған еді. 1921 жылы тамызда партия ретінде құрылған Қытай коммунистік партиясы І-ші съезін Шанхайда өткізеді. Съезде партияның негізгі мақсаты Қытайда социализм құру екен-

дігі жарияланады. Осылайша, алғашында, елдегі тарихи жағдайлардың қажеттілігінен, халықтың мүддесін қорғау негізінде пайда болған Қытай коммунистік партиясы ҚХР-дың құрылуына дейін де біраз тарихи жағдайларды өткереді, атап айтар болсақ, 1928-1937 жж. аралығында орын алған «Нанкин онжылдығы», Гоминьдан партиясымен арадағы талас-тартыстар, азамат соғысы т.б. тарихи жайттар.

Коммунистік партияның негізгі күші қарапайым шаруалар болды. Шаруалардың мүддесі үшін құрылған, Мао Цзедун басшылық еткен бұл партияның басты мақсаты елді азат ету, дәстүрлі «мықты мемлекет пен әл-ауқатты халық» идеясын жүзеге асыру еді. Бұл мақсат орындалды да. ҚКП елдегі жалғыз шаруалар үстемдік еткен партияға айналды. 1930 жылы Мао Цзедун марксистік теория мен революция және азамат соғысының кеңестік тәжірибесін догматикалық тұрғыда қабылдауға қарсы болып, қытайлық революцияның теориялық негізін жасады. Бұл процесс 30-жылдардың соңында марксизмнің «қытайлануымен» аяқталып, «жаңашыл демократия» теориясы деп аталды. «Жаңашыл демократия» теориясын негізге ала отырып, жаңа демократиялық мемлекет құрудың мақсаты ҚКП-ның басшылығымен социализмге өту болып жарияланды [1,79 б.]. Осылайша, Қытай Халық Республикасын құрғанға дейін де коммунистік партия көптеген қиыншылық кезеңдерді басынан өткізіп, халықтың мүддесін қорғай білді.

Бірақ Қытай коммунистік партиясы тарихында елдің дамуына кері әсерін тигізген бірнеше тарихи жайттарды білеміз. Мысалы, билеуші коммунистік партияның рөлін нығайту үшін, оның үстіне осы уақытқа дейін біраз тоқырап қалған ел экономикасын көтеру мақсатында 1958 жылы Мао Цзедун елде «үлкен секіріс» жариялады. Әрине, бұл бағдарлама бірнеше рет партияның съездерінде қаралған болатын. Дегенмен, мақсаты дұрыс болғанымен, оны жүзеге асыру барысы аса оңды болған жоқ. Төрағаның (партияның) жоспары мен талаптары халыққа қиын соқты. Халықтан өдіріс өнімдерін де, ауылшаруашылық өнімдерін де бірнеше есе көбейту талап етілді. «Үш жылдық тынымсыз еңбек – он мың жылдық бақыт» деген ұранмен басталған «үлкен секірісте» әр салаға нәтижеге жылдам қол жеткізу мақсатында бір-

неше мыңдаған миллион адам жұмылдырылды. «Он жылда ағылшындықтарды басып озу, он бес жылда америкалықтарды қуып жету» деген ұрандар да тасталды. Бірақ мұндай аты жер жаратын бағдарлама Қытайға үлкен тиімді нәтиже алып келген жоқ. Шығарылған өнімнің көлемі біраз ұлғайғанымен де, сапасы нашарлады. Жұмсалған қаржы мен еңбек күші зая кетті.

Мао Цзэдунның жарлығымен, коммунистік билеуші партияның жүргізуімен жүзеге асқан Қытай тарихында үлкен із қалдырған келесі бір маңызды оқиға – «мәдени революция». 1966-1976 жылдарды қамтыған «мәдени революция» – қытай тарихында өкінішпен еске алатын жайт. Мао Цзэдунның жариялауы бойынша «мәдени революцияның» мақсаты – өздері коммунистік партияда билік басында тұрып, капиталистік даму жолына бет бұрып бара жатқандармен күрес болатын. Бұл, әрине, ресми жарияланған мақсат еді, негізінде Мао Цзэдун өзіне қарсы топтың көп екендігіне көзі жетті, олармен күрестегі қаруы жастар болды. Студенттер мен мектеп оқушыларынан құралған топ хунвейбиндерді қолданды. «Мәдени революция» барысында қаншама интеллигенция өкілдері жазаланды, өлтірілді, қанша отбасының өмірі талқандалды, қаншама құнды еңбектер мен кітаптар өртелді, қаншама тарихи ескерткіштер бұзылды, жалпы осы революция сылтауымен көптеген қылмыстар жасалды [2, 1-3 бб.].

ҚКП-ның 90 жылдық тарихын бүгінде қытай тарихында үш тарихи кезеңге бөліп қарастыруда: 1921-1949 жж. демократиялық революцияның билікке қол жеткізу кезеңі; 1949-1978 жж. социалистік даму жолымен танысу және оның қилы даму кезеңі; 1978-2011 жж. ашық есік және реформалар саясаты кезеңі.

Жалпы әлемде және Қытайдың өзінде Қытай коммунистік партиясына берілген бағалар мен пікірлер әртүрлі, тіпті, кейде бір-біріне мүлдем қарсы пікірлер де аз емес. Көбіне сырт мемлекеттер, ондағы ғалымдар, сыншылар мен билік басындағылар коммунистік партияның әрекеттерін сынға алады, қытайлық ғалымдардың көбісі коммунистік партияның қателіктері болғандығын жасырмайды, дегенмен Қытайдың қазіргі деңгейге жетуіндегі негізгі үлес партияда екендігін айтады.

Қытайдың бүгінгі дамуы тікелей коммунистік партияға қатысты болғаны шындық. Бұл, ең алдымен, Дэн Сяопин есімімен байланысты.

Міне, осы Қытай коммунистік партиясының айналасында бүгінде сенімсіздік, партияның жұмысына күмәндану пайда болды. Оған басты себеп – соңғы кездері қозғалып жүрген партия ішіндегі жемқорлық мәселесі, бұл әсіресе партия мүшесі Бо Силайдың мәселесінен кейін жиі көтерілуде. Бұл мәселелер Қытай коммунистік партиясының болашағына деген сенімсіздікті ұлғайтуда. Ішкі қарама-қайшылықтар партияның әлсіреуіне әкеліп соқтырмай ма деген сұрақтар туындауда. Батыс әлемі партияның халыққа қажетті деңгейдегі бостандық бермеуін, бұл халық тарапынан наразылыққа әкеліп, партияның қызметіне үлкен қауіп төндіретінін алға тартуда.

Бүгінгі күні бәрі мүмкін. Өзіміз куә болып отырғанымыздай, егер көпшілік наразы болса, тіпті, өте мықты саяси күштің өзін құлату қиынға соқпайды. Бұл болжамдардың қаншалықты шындыққа сай келетінін түсіну үшін біз де жауап іздеуге тырыстық. Қытай коммунистік партиясы – жоғарыда атап өткеніміздей бір ғасырға жуық тарихи кезенді басынан өткерген, тәжірибелі, өзге партиялардың ешбірінде жоқ көп миллионды мүшесі бар үлкен партия. Ең бастысы, ҚКП жай ғана саяси партия емес, ұзақ жылдар бойы елді басқару стратегиясын қалыптастырып келе жатқан билеуші партия. Қытай коммунистік партиясы – Қытай Халық Республикасының негізі. Осындай саяси күштің жақын болашақта әлсіреуі мүмкін бе? Бұл үшін төмендегі сұрақтарды қарастырып көрейік:

1. ҚКП-ның елді модернизациялауға қатысты қабылдаған шешімдерінің тиімсізі болды ма? Коммунистік партия тарихында тиімсіз, теріс нәтиже берген шешімдер де болды. Мұны бір ғана кешенді мысалдың өзі дәлелдей алады. 1980 жылдардың соңында, Қытайдағы реформалардың алғашқы кезеңдерінде партия хатшылығы кәсіпорындар мен зауыттардың жұмысына тікелей араласудан алшақтатылды. Бұл шара партияны кәсіпорындар жұмысына араластырмай, ықпалын шектеп, осылайша тиімділік пен өнімділікті арттыру мақсатында жүзеге асырылған еді. Бірақ бұл жоспар теріс нәтиже беріп, ақырында осы жобаның баста-

машысы, партия хатшысы Чжао Цзьянның қызметінен босатылуына әкелді. Партия хатшылығының бақылауынан босаған соң жұмысшылар кәсіпорындар мен зауыттар басшыларын қыспаққа алып, еңбек ақысын көтеруін талап етеді. Басшылардың жұмысшылар талабын орындауына тура келеді. Негізінде жалақыны көтеру арқылы еңбек өнімділігін арттыру көзделген еді, бірақ бұл әрекет кері әсерін берді. Нарыққа көп мөлшердегі қосымша ақша қаражатының түсуі инфляция деңгейінің 45%-ға жетуіне әкелді. Жағдай премьер-министр Ли Пэнның елдің жартылай нарықтық экономикаға көшуіне байланысты үкіметтің бұдан былай жоғары оқу орындары түлектерін бұрынғыдай жұмыспен қамтамасыз ете алмайтындығы, олардың енді өз бетімен жұмыс іздеу қажеттілігі жайлы жариялауынан соң шиеленісті. Басқа да факторлармен жалғасын тапқан ҚКП-ның бұл шешімдері студенттер мен олардың жақтаушыларының, сонымен қатар инфляциядан зардап шеккендердің Тяньаньмэнь алаңына наразылық шеруіне шығуына себеп болды [3, 140 б.]. Бірақ ҚКП өзінің осы қателіктерінен сабақ ала білді.

2. Қытайды әлеуметтік-экономикалық реформалауда тек ҚКП-ның оңтайлы қабылдаған шешімінің, басшылығының арқасында жетістікке жеткен кездер болды ма? Коммунистік партия Қытайдың модернизацияны жүргізуінде, дамудың қытайлық үлгісін сәтті жүзеге асыруында сөзсіз қажет. Коммунистік партияның негізгі маңызы оның Қытайдың дамуына қажетті ең басты орталық мақсаттарды нақтылап қоюында.

Қытайлық ғалым Чжэн Юн Няньның айтуы бойынша, бүгінде дамудың қытайлық үлгісін зерттеу үшін, алдымен, Қытай коммунистік партиясын зерттеу қажет. Себебі коммунистік партия – Қытайдың жалғыз билеуші партиясы, Қытайдың әлеуметтік-экономикалық өзгеруінің көрсеткіші, қытайлық үлгіні қалыптастырушы. ҚКП-ның Қытайда алатын рөлі ерекше. ҚКП – барлық жүйенің негізі. Егер батыстық демократиялық жүйеге сай саяси партиялар қоғам мен мемлекет арасында делдалдық, дәнекер қызметін атқарса, Қытай коммунистік партиясының атқаратын қызметі сан қырлы. Ең негізгі және маңызды қызметі – партия мен мемлекеттің үкіметтік құрылымда бірігуі.

Бұл партиялық-мемлекеттік басқарудың басты мақсаты: басқару жүйесіндегі тиімділікті арттыру және бюрократияның қатаюының алдын алу [4, 58 б.].

Міне, партияның жоғарыда аталған тек негізгі қызметтерінің өзінен-ақ оның Қытайды модернизациялаудың тікелей қатысушысы екенін аңғаруға болады. Қарапайым мысал келтірер болсақ, ҚКП қамтамасыз етіп отырған тұрақтылық шетелдік инвесторлардың әлемдік ірі банктер тізіміндегі төменгі рейтингіне қарамастан өз қаражаттарын басқа елге емес, Қытайға салуға шешім қабылдауына негізгі себеп болды.

3. ҚКП-ның болашағы қандай? ҚКП-ның жақын болашақта билік басында қалуы мүмкін бе? Жоғарыда айтылған тұжырымдамаларға сүйене отырып Қытай коммунистік партиясының жақын болашақта билік басында қалатынын сеніммен айтуға болады. Бірақ, әрине, партия айналасындағы мәселелер толастамайды. Ал осы мәселелерді шеше білу мүмкіндігі, біріншіден, Қытайдағы коммунистік басқарудың тұрақтылығын, екіншіден, ҚКП-ның қаншалықты ұзақ мерзімде билік басында қала алатындығын анықтайтын болады. Ол мәселелер төменгі сипатты қамтиды: 1) ел экономикасы дамуынан түскен кірісті бөлу деңгейіндегі алшақтық; 2) «әр отбасында бір бала» саясатының салдарынан пайда болған жұмысшы күшінің тапшылығы; 3) төменгі деңгейдегі наразылықтар мен қарсылықтар туындатып отырған жергілікті билік өкілдерінің қарапайым адамдардан жерлерін алып, құрылыс жүргізушілерге беру тәжірибесіне қатысты мәселе; 4) қала және ауыл аймақтарының арасындағы алшақтықтың ұлғаюы. Мысалы, көптеген ауыл тұрғындары медициналық сақтандыруға, қажетті деңгейдегі медициналық көмекке зәру, жоғары білім алуға мүмкіндігі жоқ; ең қиыны жастардың қалаға кетіп қалуы, осының нәтижесінде ауылдық аймақтарда тек қарт кісілердің қалуы; 5) сонымен қатар жемқорлықпен күресудегі жетістіктері мен сәтсіздіктері ҚКП-ның алдағы болашағында шешуші рөл атқарары анық; 6) тағы бір фактор партия құрамына капиталистердің қосылуы. 2001 жылдан бастап коммунистік партиядағы капиталистер саны артуда. Осыған орай, партия өз саясатын өзгерте ме? Өзгертсе ол қандай

сипатта болады? Капиталистердің коммунистік партиядағы ықпалы қандай болмақ? Осылардың барлығы да ҚКП-ның келешектегі дамуына әсер етеді. Ұзақ уақыт бойғы партиядағы сандық өзгерістер сапалық өзгеріске әкелуі де ықтимал.

Қорытындылай келе айтатынымыз, Қытай коммунистік партиясы, біріншіден, бұқара халыққа арқа сүйей отырып, жаңашыл демократиялық революцияны аяқтады, халықты азат етіп, жаңа Қытайды құрды. Екіншіден, социалистік революцияны аяқтады және социалистік жүйенің базисін құрды. Үшіншіден, ре-

формалау саясатын жүргізіп, «қытайлық ерекшелігі бар социализмді құрып, оны дамытып келеді.

Партия жылдан-жылға өзінің саяси деңгейін арттыруда, партияның өз ішінде, құрылымында саяси реформалар жүргізілуде. Егер әлем өзгерісте болса, ҚКП-да бір орнында тұрмайды, алдағы уақытта да Қытайдың бағыт сілтеушісі болуы үшін барлық ерік-жігерін салатын болады. Сондықтан да Қытай Коммунистік партиясын әзірге мұндай кейбір ішкі қарамақайшылықтарға қарамастан әлсірету, не болмаса түбегейлі құлату мүмкін емес.

Әдебиеттер

- 1 孙健著. 20世纪的中国 – 走向现代化的历程 (经济卷 1949-2000). 北京: 人民出版社, 2010.
- 2 中国共产党执政历程: 第三卷 (1976-2011): 柳建辉, 北京: 人民出版社, 2011: Zhōngguó gòngchǎndǎng zhìzhèng lìchéng
- 3 James C. Hsiung. China Into Its Second Rise: Myths, Puzzles, Paradoxes, and Challenge to Theory. Singapore: World Scientific Publishing, 2012.
- 4 郑永年: 中国模式: 经验与困局: 杭州: 浙江人民出版社, 2010.

References

- 1 Sun Jianzhe. 20 Shiji de Zhongguo – zouxiang xiandaihua de licheng (jingji juan 1949-2000). Beijing: Renmin chuban she, 2010.
- 2 Liu Jianhui. Zhongguo gongchandang zhizheng licheng. Di san juan (1976-2011). Beijing: Renmin chuban she, 2011.
- 3 James C. Hsiung. China Into Its Second Rise: Myths, Puzzles, Paradoxes, and Challenge to Theory. Singapore: World Scientific Publishing, 2012.
- 4 Zheng Yongnian. Zhongguo moshi: jingyuan yu kunju. Hangzhou: Zhejiang Renmin Chubanshe, 2010.